

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ

СӘТБАЕВ УНИВЕРСИТЕТІ

Ақпараттық және телекоммуникациялық технологиялар институты

Программалық инженерия кафедрасы

Дархан Диана

«Дипломдық GUIDE» веб-қосымшасы

Дипломдық жобаға
ТҮСІНІКТЕМЕЛІК ЖАЗБА

5B060200 – «Информатика» мамандығы

Алматы 2019

СӨТБАЕВ УНИВЕРСИТЕТІ

5B060200 – Информатика мамандығы

Дархан Диана

Дипломдық жоба


Тақырыбы: «Дипломдық GUIDE» веб-қосымшасы


ҒЫЛЫМИ ЖЕТЕКШІНІҢ ПІКІРІ

Берілген дипломдық жоба студенттердің ЖОО-ның бітіру квалификациялық жұмыс тақырыбын таңдау, жоспарланған уақыт мерізімдері бойынша тапсырмаларды бөліп орындау, ғылыми жетекшінің қауыптан қадағалауына рұқсат беру және түсініктеме жазбасын нормаларға сай реттеп деректер қорында жүктеуге мүмкіндік беретін веб-қосымша дайындау қарастырылған.

Дипломдық жобаны қарастыра келгенде Дархан Дианың жақсы жақтарын айта кетуге болады. Жұмыс материалы жоспарлы түрде, қойылған талаптарға сай, тақырып төңірегінде жазылған. Студенттің жұмысты рәсімдеудегі біліктілігін, талдаушылық қабілетін көруге болады. Осы жұмыста негізгі өзекті мәселелерді шеше отырып, зерттеу жұмысында оңтайлы нәтижелер алып, жұмысты қойылған талаптарға сай орындап шықты.

Қортындылай келгенде, осы зерттеу жұмысын орындау барысында айтарлықтай жақсы еңбектенгені себепті Дархан Дианаға Информатика – 5B060200 бакалавры академиялық дәрежесін беруге лайық деп есептеймін.


Ғылыми жетекші: «Программалық инженерия» кафедрасының техникалық ғылымдарының магистрі, лектор  К. Марғұлан.

« 17 »  2019ж

т подоби



Университет:	Satbayev University
Название:	Дархан Диана Инф(Б)-15.1К.docx
Автор:	Дархан Диана
Координатор:	Қабылжан Марғұлан
Дата отчета:	2019-05-06 12:08:43
Коэффициент подоби № 1: <input type="checkbox"/>	1,1%
Коэффициент подоби № 2: <input type="checkbox"/>	1,0%
Длина фразы для коэффициента подоби № 2: <input type="checkbox"/>	25
Количество слов:	4 186
Число знаков:	34 534
Адреса пропущенные при проверке:	
Количество завершенных проверок <input type="checkbox"/>	40

Ғылыми жетекші:  Қ. Марғұлан

Протокол анализа Отчета подобия Научным руководителем

Заявляю, что я ознакомился(-ась) с Полным отчетом подобия, который был сгенерирован Системой выявления и предотвращения плагиата в отношении работы:

Автор: Дархан Диана

Название: Дархан Диана Инф(Б)-15.1К.docx

Координатор: Кабылжан Маргулан

Коэффициент подобия 1:1,1

Коэффициент подобия 2:1

Тревога:0

После анализа Отчета подобия констатирую следующее:


- обнаруженные в работе заимствования являются добросовестными и не обладают признаками плагиата. В связи с чем, признаю работу самостоятельной и допускаю ее к защите;
- обнаруженные в работе заимствования не обладают признаками плагиата, но их чрезмерное количество вызывает сомнения в отношении ценности работы по существу и отсутствием самостоятельности ее автора. В связи с чем, работа должна быть вновь отредактирована с целью ограничения заимствований;
- обнаруженные в работе заимствования являются недобросовестными и обладают признаками плагиата, или в ней содержатся преднамеренные искажения текста, указывающие на попытки сокрытия недобросовестных заимствований. В связи с чем, не допускаю работу к защите.

Обоснование:

.....
.....
.....
.....
.....
.....

17.05.2019г

Дата

 Мартуран К.


Подпись Научного руководителя

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
СӘТБАЕВ УНИВЕРСИТЕТІ

Ақпараттық және телекоммуникациялық технологиялар институты
Программалық инженерия кафедрасы

ҚОРҒАУҒА ЖІБЕРІЛДІ

Кафедра меңгерушісі
тех. ғыл. кандидаты,
ассистент-профессор

 Р. Юнусов
" 20 " мае 2019 ж.

Дипломдық жобаға
ТҮСІНІКТЕМЕЛІК ЖАЗБА


Тақырыбы: «Дипломдық GUIDE» веб-қосымшасы

5B060200 – «Информатика»

Орындаған

Д. Дархан

Ғылыми жетекші
техн. ғыл. магистрі, лектор

 К. Марғұлан
" 17 " 05 2019 ж.

Алматы 2019

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ

СӘТБАЕВ УНИВЕРСИТЕТІ

Ақпараттық және телекоммуникациялық технологиялар институты

Программалық инженерия кафедрасы

5B060200 – «Информатика»

БЕКІТЕМІН

Кафедра меңгерушісі

тех. ғыл. кандидаты,

ассистент-профессор

Р. Юнусов

"20" маусым 2019 ж.

**Дипломдық жоба орындауға
ТАПСЫРМА**

Білім алушы Дархан Диана

Тақырыбы: «Дипломдық GUIDE» веб-қосымшасы

Университет академиялық мәселелер жөніндегі проректорының бұйрығымен
«16» қазан 2018ж. № 1162-б шешімімен бекітілген.

Орындалған жобаның өткізу мерзімі «21» мамыр 2019 ж.

Дипломдық жұмыстың бастапқы мәліметтері: Ұсынылатын дипломдық жобаны құру барысында студенттерге дипломдық жобаны жазу үрдісін жеңілдететін веб қосымша жасау

Есеп – түсініктеме жазбаның талқылауға берілген сұрақтардың тізімі:

а) аналитикалық шолу;

б) жобалау бөлімі;

в) өңдеу құралдары және жобаны талдау;

г) қолданбалы бөлім;

д) А Қосымшасы. Техникалық тапсырма;

е) Б Қосымшасы. Бағдарлама мәтіні.

Жобаның презентациялық 27 слайды ұсынылған.

Ұсынылған негізгі әдебиеттер: 15 атау.

Дипломдық жобаны дайындау
КЕСТЕСІ

№	Дипломдық жобаның орындалатын этаптарының атаулары	Ғылыми жетекшіге және кеңесшілерге ұсыну мерзімі	Орындалған жөніндегі белгі
1	Дипломдық жоба тақырыбына байланысты әдебиеттерді іздеу және талдау, дипломдық жобаның негізгі бөлімі ретінде рәсімдеу.	20.01.2019	<i>орындалды</i>
2	Дипломдық жұмысты жобалау: UML қолданушы, тізбек, класс....т,б диаграммаларын дайындау.	10.02.2019	<i>орындалды</i>
3	Дипломдық жобаның веб қосымшасын дайындау, іске асыру және тестілеу.	05.03.2019	<i>орындалды</i>
4	Дипломдық жобаны диплом алды есеп алу комиссия мүшелеріне таныстыру, ескертулерін түзетіп дипломдық жобаны аяқтау. Қорытынды жасау	02.04.2019	<i>орындалды</i>
5	Көрнекі материалдар мен презентацияны дайындау	20.04.2019	<i>орындалды</i>

Дипломдық жоба бөлімдерінің кеңесшілері мен норма бақылаушының аяқталған жобаға қойған
қолтаңбалары

Бөлімдер атауы	Кеңесшілер Аты, әкесінің аты, тегі (ғылыми дәрежесі, атағы)	Қолтаңба қойылған мерзімі	Қолы
Бағдарламалық бөлім	Сман Н. О. Ассистент	16.06.19	<i>Сман</i>
Нормалық бақылаушы	Алғожаева Р. С. Сениор-лектор	20.05.2019	<i>Алғожаева</i>

Ғылыми жетекшісі *К. Марғұлан* К. Марғұлан.

Тапсырманы орындауға алған білім алушы *Д. Дархан* Д. Дархан.

Күні «20» *маусым* 2018 ж.

АҢДАТПА

«Дипломдық GUIDE» жобасында – студенттердің дипломдық жобаларын өз күшімен жоспарлап, веб қосымшада ғылыми жетекшімен коммуникациялық қарым-қатынас мүмкіндіктерін пайдаланып орындау үрдісіне талаптар, стандарттар және кеңестер берілген.

Дипломдық жоба кіріспеден, негізгі үш бөлімнен, қорытындыдан, пайдаланылған әдебиеттер тізімінен және қосымшалардан тұрады:

Кіріспеде таңдалған тақырып актуалдығы қарастырылып, жобаның негізгі мақсаты мен тапсырмасы, зерттеу объектісі анықталады.

Бірінші бөлімде «Дипломдық GUIDE» веб-қосымшасына ұқсас жобаларға шолу жасалынып: құрылымы, артықшылықтары және кемшіліктеріне анықталған. Сонымен қатар, анықталған критерилер бойынша «Дипломдық GUIDE» веб-қосымшасының жаңа нұсқасында болатын жаңа мүмкіндіктер анықталған .

Екінші бөлім – «Дипломдық GUIDE» веб-қосымшасы UML-диаграммалары көмегімен жобалаланып, ER-диаграммасын құрылып, кестелер арасындағы байланыстар орнатылған.

Соңғы үшінші бөлімінде «Дипломдық GUIDE» анықтама-диалогтық веб-қосымшасын құру барысының түсініктеме жазбасы дайындалған.

Қорытынды бөлімде жоба барысында жасалған жұмыстың нәтижелері сарапталады. Сондай-ақ, жобаның эффективтілігін арттыру мақсатында қандай да бір өзгерістер енгізу мүмкіндіктеріне байланысты ұсыныстар келтіріледі.

«Дипломдық GUIDE» түсініктеме жазбасы жалпы 51 бет,оның ішінде 24 сурет, 2 қосымшадан тұрады. Жұмысты жазуға 15 әдебиеттер мен мақалалар қолданылды.

АННОТАЦИЯ

В проекте «Дипломный GUIDE» рассматриваются стандарты, советы и требования для самостоятельного написания дипломного проекта посредством web-приложения, которое позволяет студенту строить коммуникацию с дипломным руководителем с помощью встроенного чата.

Проект состоит из введения, трех основных частей, заключения, списка использованных литератур и приложений:

Во введении обосновывается актуальность выбранной темы, формулируются цель и задача исследования, указывается объект и предмет исследования.

В первой главе рассматриваются аналогичные к «дипломному GUIDE» проекты: структура, преимущества и недостатки. А также, в главе излагается возможности web-приложения «Дипломный GUIDE» по определенным критериям.

Вторая глава посвящена проектированию web-приложения «Дипломный GUIDE» посредством UML-диаграмм, созданию ER-диаграммы и образованию связей между таблицами базы данных.

В третьей главе была изготовлена объяснительная записка по информационно-диалоговому web-приложению «Дипломный GUIDE».

В заключении анализируются итоги проделанной работы. К тому же, приведены предложения по увеличению эффективности проекта при помощи каких-либо изменений.

Объяснительная записка web-приложения «Дипломный GUIDE» содержит 51 страниц, 24 рисунков и 2 приложение. Для написания данной работы использованы 15 источников.

ANNOTATION

«Diploma GUIDE» is a web application that allows students to plan diploma projects on their own and provide opportunities for communication with the supervisor.

The diploma project consists of an introduction, three main sections, conclusions, a list of used literatures and applications:

The introduction substantiates the relevance of the chosen title, formulated the purpose and objectives of the research, specified the object and subject of research.

The first part – in the analytical part, to review of projects similar to the web application «Diploma GUIDE: structure, advantages and disadvantages. In addition, this section discusses the requirements for the diploma project and the need to develop a web application «Diploma GUIDE».

The second part is devoted to designing a «Diploma GUIDE» web application using UML diagrams, creating an ER-diagram, and creating relationships between database tables.

In the third part, an explanatory note was made on the «Diploma GUIDE» informational-interactive web-application.

In conclusion, the results of the work performed during the project are analyzed. It also provides recommendations related to the possibility of making any changes to improve the efficiency of the project.

Explanatory note web application "diploma GUIDE" contains 51 pages, 24 pictures and 2 application. 15 sources were used to write this work.

МАЗМҰНЫ

	Кіріспе	8
1	Аналитикалық бөлім – дипломдық GUIDE	10
1.1	Дипломдық жоба орындау нұсқаулық сайттарына шолу	10
1.2	SU дипломдық жобаға қойылатын талаптар	13
1.3	Дипломдық GUIDE веб-қосымшасын дайындау қажеттілігі	14
2	SU- дипломдық GUIDE жобалау	15
2.1	Дипломдық GUIDE веб-қосымшасын ұйымдастыруды UML диаграммаларында жобалау	15
2.1.1	«Дипломдық GUIDE»-прецеденттер диаграммасында жобалау	17
2.1.2	«Дипломдық GUIDE»-тізбектер (sequences diagramm) диаграммасында жобалау	18
2.1.3	«Дипломдық GUIDE»-қызмет (activity diagramm) диаграммасында	19

	жобалау	
2.2	Дипломдық GUIDE деректер қоры моделін ұйымдастыру	20
3	Дипломдық GUIDE веб қосымшасының жүзеге асырылуы	25
3.1	Дипломдық GUIDE веб-қосымшасы – бағдарламалау ортасы	26
3.2	Дипломдық GUIDE веб-қосымшасы, сипаттамасы, мүмкіндіктері	27
	Қорытынды	32
	Пайдаланылған әдебиеттер	33
	А қосымшасы – техникалық тапсырма	35
	Б қосымшасы – бағдарлама мәтіні	37
	Сипаттама тізімі	51

КІРІСПЕ

Әрбір студент жоғарғы оқу орнында 4 жыл бойы оқып жинаған білімі мен дағдыларын дипломдық жобасы арқылы көрсетеді. Білім алушының соңғы әрі жауапкершілікті талап ететін кезеңде осы дипломдық есеп беру жазбасының тиянақты жазылуы. Дипломдық жұмыс жазу – өз алдына таңдап алынған тақырып бойынша анализ жасау, тақырып шеңберіндегі әдебиеттерді, материалдарды синтездеу, туындаған сұрақтар мен мәселелердің шешімін табу, өз идеяларынды жүзеге асыру және оларды практика жүзінде қолдану. Дипломдық жұмыс жазу – уақыт пен күшті қажет ететін күрделі процесс. Бірақ, бұл өзгелердің зерттеген, жазған жұмыстарын қайта қарау емес, зерттеліп отырған тақырыпқа қатысты өз ойын еркін жеткізе алатын студенттің өзіндік маңызды шығармашылық жұмысы. Бұл жерде айта кететін мәселелердің бірі жұмысты бастамас бұрын білім алушы дипломдық жұмыс туралы түсінік қалыптастыруы керек.

Көптеген студенттерде дипломдық жұмысты жазуға кіріскен кезде «дипломдық жұмыс деген не?», «Дипломдық жұмысты қалай жазу керек?», «актуалды тақырыпты қалай таңдау керек?» – деген сұрақтар туындап, жұмыс барысында көптеген қиындықтарға тап болуы мүмкін. Дипломдық жұмысты алдын-ала дайындықсыз бастаған кезде диплом тақырыбының актуалдығын, жұмыста қаралатын басты мәселелерді, мақсаттары мен принциптерін, тақырыптың негізгі идеясын ашып көрсете алмауы, тақырыпты толық қамти алмауы жұмысты қорғау кезінде комиссия мүшелеріне білім алушы жайлы кері пікір қалыптастырып, оның төмен баға алуына әсер етуі ықтимал.

Қазіргі таңда студенттердің қорытынды жұмысы болып табылатын дипломдық жобаны жазуды жеңілдетін веб-қосымшалар жоқ. Веб-қосымшаның басты мақсаты жоғарыда айтылған қиындықтарды шешу, студенттерге диплом, дипломдық жұмыс туралы түсінік қалыптастыруға, дипломдық жұмысқа тақырып таңдауға және сол дипломды бастан аяқ сапалы түрде жазуға көмектесу. Қарастырылып отырған дипломдық жобаның басты тапсырмасы веб-қосымша көмегімен білім алушының диплом жазу үрдісін жеңілдету, оған тақырып таңдауда бағыт-бағдар беру, уақытын үнемдеу. Веб-қосымша студентке диплом жазудың тиімді жолдары, уақыт үнемдеу әдістерін және т.б. үйретеді. Жобада қарастырылатын тағы бір мәселе студент пен дипломдық жетекшінің веб-қосымша шеңберінде тілдесуі, яғни дипломдық жетекшінің дипломға қатысты тапсырмаларды қашықтан бере алу мүмкіндігі.

Дипломдық жобаның объектісі ретінде білім алушы, дипломдық жетекші және дипломдық жоба (дипломдық жұмыс) алынған. Жоба студенттің тақырыпты таңдап, оны бекітуге арыз жазғанынан, дипломдық жұмыс жазу процесінің соңғы этапы болып табылатын дипломдық жұмысты қорғауға дейінгі кезеңді қамтиды.

Бірінші бөлімде дипломдық жоба тақырыбы бойынша аналогты, яғни ұқсас проектiлерге аналитикалық талдау жасалынады және тапсырма

қойылымы келтіріледі. Сонымен қатар, диплом бойынша университетке қойылатын негізгі талаптар қарастырылып, дипломдық GUIDE веб-қосымшасын дайындау қажеттілігінің негізгі идеясына тоқталып өтеміз.

Веб-қосымшаны rational rose бағдарламалық қамтамасы көмегімен UML тілінде жобалау, жобаның базалақ бөлігін ұйымдастыру, деректер қоры моделін құру – жобаның екінші бөлімі, жобалау бөлімінде қарастырылады.

Үшінші бөлімде «дипломдық GUIDE» – дипломдық жұмыс жазу үрдісі бойынша нұсқаулық веб-қосымшасын құру, деректер базасын жобалауды іске асыру және жобаның компоненттеріне талдау жасалынады.

Жобаның басты ерекшелігі ретінде студент пен дипломдық жетекшінің веб-қосымша шеңберінде тілдесе алу мүмкіндігі қарастырылған. «Дипломдық GUIDE» – веб-қосымшасының басты ақпараттық бөлігі landing-page типінде жасалынады. Ол веб-қосымшаны жобалау барысында қойылатын нақты ойға және айқын мақсатқа ие. Landing-page типінде жасалған сайттын басқа сайттардан басты айырмашылығы-тек бір ғана парақшадан тұрады. Landing-page типтегі сайт басқа қарапайым сайттар секілді HTML, CSS, JavaScript, медиафайлдар мен мәтіндерден тұрады.

1 Аналитикалық бөлім – дипломдық GUIDE

1.1 Дипломдық жоба орындау нұсқаулық сайттарына шолу

Дипломдық жұмыс бұл студенттің жоғарғы оқу орнын аяқтау кезінде жазылатын соңғы қорытынды өзіндік ғылыми-тәжірибиелік жұмысы. Дипломдық жұмыс әдетте жаратылыс ғылымдары, гуманитарлық, шығармашылық пен экономика мамандықтары студенттерімен жасалады. Яғни дипломдық жұмыстың жүйелік мақсаты – бітірушілердің жалпы теоретикалық білімін және тәжірибиелік қабілетін тексеру. Қазақстан жоғарғы оқу орындарында қабылданған ережелерге сәйкес техникалық мамандықтар білім алушылары дипломдық жұмысы 30 беттен кем болмауы керек. ссыла

Қазақстанда тек дипломдық жұмысты жазуға нұсқаулық сайттар болмауы себебінен [http:// www.пишем-диплом-сами.рф](http://www.пишем-диплом-сами.рф) сайтына тоқталып өтейік. Сайт құрылымы:

- дипломдық жұмыс нұсқаулығы;
- курстық жұмыс жазу үлгісі;
- практика бойынша есеп беру;
- реферат жазу нұсқаулығы;
- бақылау жұмысына дайындық;
- оқуға түсу туралы.


Дипломдық жұмыс және курстық жұмыс парақшаларында жұмыс түріне байланысты жұмысты жазу, рәсімдеу, ерекшеліктері, қорғауға байланысты кеңестер мен нұсқаулықтар жазылған.

Практика парақшасында практикаға есеп беру, студентке мінездеме, диплом алды практика, өндірістік практика, оқу практикасы қарастырылған.

Бақылау жұмысы парақшасында бақылау жұмысын жазуға байланысты кеңестер қарастырылған.

Оқуға түсу парақшасы абитуриентке кеңес, жоғарғы оқу орнын таңдау, мақсатты бағыты, жоғарғы оқу орындары тізімі, емтихан форматы жайлы ақпаратты қамтиды.

Сайтта негізгі ақцент жұмыстарға тапсырыс беруге негізделген, яғни бұл заңға қайшы әрекет. Бұл сайт ақпараттық типтегі тематикалық сайт болып табылады. Тематикалық сайттар көлемі 20 беттен басталады. Көлеміне байланысты сайттың құрылымы қарапайым немесе жеткілікті дәрежеде күрделі болуы мүмкін. Ақпараттың көп болуына байланысты сайт бірнеше модульдер мен компоненттерден тұрады. Тематикалық сайттар негізі ақпараттар ағыны болған соң іздеу ыңғайлылығы мен ақпаратты көрсетуге көп көңіл бөлінеді. Сайттың басты беті төмендегі 1.1 – суретте көрсетілген.



1.1-сурет – Пишем диплом сами сайтының басты беті

Көріп отырғанымыздай, басты беттің жоғарғы бөлігінде ақпаратты ыңғайлы және тез іздеу жолы бар (1.2-суретке сейкес).



БЕЗОПАСНО

Контроль качества работы исполнителей учебных работ в системе основан на верификации авторов, формировании рейтинга, средней оценки и отзывах заказчиков. Отзывы исполнителям могут оставлять только их непосредственные заказчики. [Гарантия безопасности сделки](#) – деньги за работу хранятся у вас на счету. Оплата исполнителю производится после одобрения работы заказчиком и истечения 20-дневного гарантийного срока.



ВЫГОДНО

Каждый заказ система рассылает исполнителям. Авторы работ самостоятельно общаются с заказчиком и предлагают свои цены за выполнение работы. Заказчик выбирает понравившегося исполнителя, основываясь на рейтинге автора, средней оценке, отзыве о нем и стоимости услуг. Рассылка и размещение заказа бесплатны.



УДОБНО

Изучив предложения от исполнителей, заказчик сам выбирает автора своей работы. Общение происходит в онлайн-чате. Сервис качественно разработан и продуман для удобного использования. Заказчик может самостоятельно предложить определенному автору выполнить свою работу. Участники биржи могут продавать готовые работы на продажу. В магазине готовых работ представлены работы, уникальность которых не менее 50%.



БЫСТРО

Написание студенческих работ на заказ от 6-ти часов. Магазин готовых работ – быстрое решение ваших проблем. Биржа работает круглосуточно.




ПОЛЕЗНО

На бирже представлена содержательная и актуальная информация для самостоятельного написания студенческих работ. Авторами статей являются опытные исполнители студенческих работ нашей биржи.

1.2-сурет – «Пишем-диплом-сами» сайты мінездемесі

Сайттың басты кемшілігі дипломдық жұмысты студент өз күшімен емес, тапсырыс беру арқылы жазуға негізделуі. Сайтта дипломдық жұмысты стандартқа салу, дипломдық жұмыс үлгілері қарасылғанымен, ол Қазақстан жоғарғы оқу орындары стандарттарына сәйкес келмейді. Яғни бұл сайт дипломдық жұмысты студент өзі жазған кезде 100%-ға пайдалы болады деп айта алмаймыз.

Келесі қарастыратын веб сайт «пишем диплом сами» diplomguide.ru сайты. Бұл сайт – дипломдық жұмыс жазу бойынша нұсқаулық сайт (1.3-сурет). Бұл жерде актуальді және тексерілген практикалық ақпараттар жиынтығы бар.




1.3-сурет – «Diplomguide. ru – сайт для дипломников» басты беті

Сайт құрылымы өте қарапайым, ақпараттық типтегі сайт болып табылады. «Diplomguide.ru» – диплом жазушылар сайты құрылымы(1.4-сурет):

- басты бет;
- басы;
- теория;
- анализ;
- жоба;
- аяқтау;
- қорғау;

Веб-қосымшаны Ресей веб-әзірлеушілері жасағандықтан, сайт тек украин және орыс тілін ғана қолдайды. Қосымшаның оң жақ жоғарғы бөлігінде сайт бойынша іздеу қарастырылған.



1.4-сурет – «Diplomguide.ru» – диплом жазушылар сайты құрылымы

«Главная» парақшасында сайт туралы негізгі мәліметтер, автор туралы, веб-парақшада жарнама орналастыру мәселесі қарастырылған. Парақшада жарнама орналыстыру бойынша сайт авторына тікелей делдалсыз хабарлама жіберу мүмкіндігі қарастырылған.

«Начало» парақшасында дипломдыө жұмыс жазу үрдісінің бастапқы қадамдарына нұсқаулықтар қарастырылған, яғни тақырып таңдау, дипломдық жетекші таңдау және кіріспеге қатысты нұсқаулықтар.

«Теория» парақшасында дипломдық жобаның теориялық бөліміне нұсқаулықтар, ақпаратты ғаламтор желісінен және кітапханалардан іздеу, мақалалар мен кітаптарды, электронды оқулықтарды сканерлеу туралы ақпарат сақталған.

«Анализ» жасау алгоритмі, анализ жасауға арналған ақпараттар көзі туралы мағлұматтар, аналитикалық бөлім құрылымы туралы анализ парақшасында жазылған. Келесі, яғни проект парақшасында жобалық бөлім құрылымы туралы нұсқаулықтар.

«Завершение» парақшасында дипломдық жобаны баспаға жіберуге дайындау, қорытынды мен кіріспеге соңғы түзетулер, пайдаланылған әдебиеттер тізімі мен қосымшаларды рәсімдеу бойынша нұсқаулықтар қарастырылған.

«Защита» парақшасы дипломдық жобаны қорғау, дипломдық жобаға аннотация, пікір, баяндама жазу, MS POWER POINT-та презентация дайындау нұсқаулығы бар.

1.2 SU дипломдық жобаға қойылатын талаптар

Жұмыс, тақырыпқа және жоспарға сай, толығымен логикалық құрылымды, әрі қызықты ақпараттан тұруы керек. Көптеген жағдайда, диплом тақырыбына қарамастан, дипломдық жұмыс 3 бөліктен тұрады. Дипломның бірінші бөлімі – аналитикалық бөлім, екінші – жобалау бөлімі, соңғысы – жобаны іске асыру бөлімі.

Дипломдық жобаға қойылатын негізгі талаптар:

- студент өз күшімен орындаған, логикалық аяқталған зерттеу болуы тиіс;
- жаңа технологияларды қолдану арқылы актуальді проблемаларды шешуге негізделеді;
- айтылған мәселелерді ең оптималды тәсілдермен шешу мақсатында оригинальдығымен өзгешеленеді.

Кез-келген дипломдық жоба актуальді тақырыпты қамту қажет. Актуальді дипломдық жоба тақырыбын таңдау:

– кем дегенде, Сізде таңдалған тақырып бойынша жалпы түсінік болу керек . Егер де таңдалған тақырып бойынша сізде ешқандай түсінік болмаған жағдайда, онда тақырыбыңызға сай келетін әдебиеттер оқығаныңыз жөн;

– таңдалған тақырып ең алдымен өзіңізге қызықты болуы керек. Бұл жұмыс процессін жеңілдетіп, дипломды жазуға деген құлшынысыңызды ашады;

– ақпарат көздеріне қол жетімділік. Тақырып қанша жерден қызықты болса да, егер ғаламтор желісінде және кітапханаларда тақырып бойынша мәлімет аз болса, ондай тақырыпты таңдамағаныңыз дұрыс шешім. Тақырып бойынша сапалы материалдың бар екендігін әрқашан тексеріңіз. Дипломдық тақырыбыңызды түпкілікті таңдаған соң әдебиеттерді қарастырып, маңызды бөліктерін белгілеп алыңыз.

Дипломдық жұмысты рәсімдеу сапалы диплом жазуда өте маңызды рөл атқарады. Ең алдымен дипломдық жұмыс рәсімдеуде барлық ережелер сақталу керек. Дипломдық жұмысты рәсімдеу үшін арнайы SU-бекітілген ҚазҰТЗУ-09-2017 стандарты бар.

1.3 Дипломдық GUIDE веб-қосымшасын дайындау қажеттілігі

Ғаламтор желісінде веб-сайттар саны өте көп, бұл қызмет саласынан хабары жоқ адамның өзі веб-сайттардың түрлері мен типтерін жұмыс жасау барысында меңгере алады. Дипломдық GUIDE-қа ұқсас ғаламтордағы көптеген веб-қосымшалар ақпараттық типте болып келеді. Сондай-ақ, веб-қосымшаларда «диплом» мәселесі қысқаша, бір-екі веб беті көлемінде қарастырылған. Сервистік типтегі қосымшалар қолданушыларға дайын дипломдық жұмысқа тапсырыс беру мүмкіндігін ғана береді. Ал диплом студенттің қорытынды шығармашылық жұмысы болғандықтан, студент оны өзі жазуы тиіс.

Дипломдық GUIDE веб-қосымшасы ақпараттық және сервистік сипаттағы сайт болып табылады. Веб-қосымшаның ақпараттық бөлігі қолданушылардың барлығына да қол жетімді. Толығырақ айта кететін болсақ, веб-қосымшада дипломдық жұмыс жазудың қадамдық нұсқаулықтары, дипломдық жұмысқа қатысты құжаттардың үлгілері, дайын формалары, стандарттар, веб-қосымшада жарияланып отыратын жаңалықтар барлық қолданушыларға қол жетімді болады. Бұл қолданушыларға стандарттар мен дипломдық жобаға қатысты үлгілерге жасалған соңғы өзгертулерден хабардар болуын қамтамасыз етеді. Веб-қосымшаның сервистік қызметіне тоқталатын болсақ, дипломдық жұмыс тақырыптарын ұсыну, диалог құру сияқты іс-әрекеттер тек тіркелген қолданушыларға ғана қол жетімді.

2 SU- дипломдық GUIDE жобалау

2.1 Дипломдық GUIDE веб-қосымшасын ұйымдастыруды UML диаграммаларында жобалау

Веб-қосымша – әдетте күрделі болып табылатын, көпкомпонентті жүйе, қарапайым сайт-визитка емес, уақыт пен күшті қажет ететін күрделі әрі үлкен жоба болса, онда ең алдымен оны жүзеге асырудың жұмыс барысын жобалап алған жөн.

Дипломдық GUIDE веб-қосымшасын жобалауды жүзеге асыру мақсатында Rational Rose бағдарламалық қамтамасы алынды(2.1-сурет). Rational Rose – бағдарламалық қамтамаларды жобалауды басқаруға арналған CASE-құрылғы. Ол басқа да CASE-құрылғылар сияқты проектiлердi егжей-тегжейлi жобалап, анализ жасау үшін қолданылады.



2.1-сурет – Rational Rose

Бұл өнімнің алғашқы нұсқасы Rational Software компаниясында шығарылған. Кейінірек, Rational Rose IBM-мен сатып алынған. Rational Rose-дің басқа модельдуге арналған құрылғылардан принципиальді айырмашылығы, оның объектіге-бағытталғандығында және UML тіліне негізделуінде. Rational Rose өңдеушілерге барлық ара-қатынастарды сақтай отырып, жоба процесінің тұтас архитектурасын құруға мүмкіндік береді. Бағдарламалық қамтама мүмкіндіктері:

- объектілі модельдеуді қолдау;
- элементтердің структуралық көрінісі;
- модельдер интеграциясы;
- бағдарламалық өнімдермен интеграция;
- ашық архитектуру;
- кері жобалау.

Бұл CASE-құрылғының негізгі артықшылығы модельдеудің объектілі принципімен байланысты. Сонымен қатар, бағдарламалық қамтаманың қолдану ыңғайлылығына негізделген артықшылықтар жиынтығы бар. Олар:

- командалық жұмысты қолдау. Қолданушылар өздерінің уникальді модельдерімен ғана жұмыс істей алады. Соған қарамастан, жалпы модельдермен қарым-қатынас үзілмейді;

- модельдерді басқару. Құрылған барлық модельдерді оңай өзгерту мүмкіндігі. Бір модельдегі өзгеріс байланыс бар басқа модельге де әсер етеді. Бұл әр модельге жеке-жеке өзгеріс енгізу қажеттілігінен босатады;

- қатені бақылау. Rational Rose модельдеу кезінде туындаған қателерді бақылауды қамтамасыз етеді;

- модельдерді құжаттау. Қолданушылар процесс моделдерінен қажетті құжаттар мен есеп берулер жасай алады;

- Конфигурацияларды басқару. Қолданушылардың қолдану ыңғайлылығына байланысты қосымшаның интерфейсін немесе басқа бір бөлігінің конфигурациясын өзгерту мүмкіндігі қарастырылған.

Техникалық жүйелерді жобалау үшін әртүрлі модельдеу тілдері қолданылуы мүмкін. Олардың ішінде ең көп таралғаны және тиімді жұмыс істейтіні UML – унифицирленген модельдеуге арналған тіл(2.2-сурет).




2.2-сурет – UML – унифицирленген модельдеуге арналған тіл

CASE-технологиялар дамуы қадам бойынша жүрді. CASE-құралдар эволюциясы өңдеу процессінің ең жоғарғы деңгейі-жобалау мен модельдеуге алып келді. CASE-құрылғылар ғана, модельдеу барысында, жоба итерациясына жұмсалатын уақыт пен күш көлемін азайтуға қабілетті. Оны жүзеге асыру үшін модельдеу деңгейінде жобаның модельдеуден бастап кодтау мен тестілеуге дейінгі барлық деңгейінде қолдануға болатын құрылғы енгізу қажет. Қазіргі таңда айқын әрі нақты құрылымды, толық функционалды модельдеуге арналған құрылғы – UML. UML спецификациясы өңдеушіге жүйені, компоненттерді, объектілер іс-әрекетін, қолданушылар қызметін модельдеу үшін стандартты нотациялар қолдануға мүмкіндік береді.


2.1.1 «дипломдық GUIDE»-прецеденттер диаграммасында жобалау

Әрбір веб-қосымшада шектелген қолданушылар болады. Менің «дипломдық GUIDE» веб-қосымшам жоғарғы оқу орнына арналғандықтан қолданушылардың бірнеше түрі болады. Олар қолданушы түріне байланысты веб-қосымша аймағында өзіне тән бірнеше әрекеттер тізбегін орындай алады. Сол іс-әрекеттер тізбегін UML тіліндегі(2.3-суретке және 2.4-суретке сәйкес) use-case-прецеденттер диаграммасы арқылы көрсетеміз. Веб-қосымшаны модельдеуде бұл диаграмма типі сайтты қолданушылар және сайтқа қызмет көрсетушілер (программист, администратор) тарапынан көруге мүмкіндік береді. Қолданушылар UML тілінде актер немесе орындаушылар деп аталады және адам сұлбасымен белгіленеді.



2.3-сурет – Веб-қосымшаның use-case диаграммасы


Диаграммада көріп отырғанымыздай студент пен дипломдық жетекші тіркелу арқылы жүйеге кіре алады, веб-қосымшаның беттерін көруді іске асыра алады және өзара диалог құрып, бір-бірімен хабарлама арқылы сөйлесе алады. Администратор жүйеге өзгерістер енгізе алады, яғни жаңа қосымшалар, жаңартулар, функциялар қоса алады, соңғы жаңалықтармен веб-қосымшаның жаңалықтар бөлімінде бөлісе алады. Сонымен қатар администратордың деректер қорын басқару мүмкіншілігі бар. Студенттер мен дипломдық жетекшілерді тіркеу, стандарттарды енгізу, диплом үлгілерін енгізу, оларға өзгерістер енгізу, жою іс-әрекеттері админның деректер қорын басқару мүмкіншілігіне жатады.



2.4-сурет – Администратор қолданушысы use case диаграммасы


2.1.2 «Дипломдық GUIDE»-тізбектер (sequences diagramm) диаграммасында жобалау

Веб-қосымша аймағында әрбір қолданушының іс-әрекеттерін объектілерге байланысты рет-ретімен көрсету мақсатында тізбектер диаграммасын қолдану орынды болып табылады. Тізбектер диаграммасында қолданушы іс-әрекеті уақытқа байланысты рет-ретімен көрсетіледі. Төменде көрсетілген тізбектер диаграммасы студент-қолданушыға қатысты диаграмма(2.5-сурет). Әрбір студент жүйеге кіру үшін ең алдымен тіркелу керек. Тіркелу арнайы форманы толтыру арқылы жүзеге асады. Жүйеге тіркелген қолданушының тіркелмеген қолданушыға қарағанда мүмкіндіктері көп. Тіркелмеген қолданушы веб-қосымшаның тек ақпараттық бөлігін көре алады, олардың дипломдық жетекшімен диалог құру мүмкіндігі жоқ.



2.5-сурет – Студент қолданушысының тізбектер диаграммасы

Диграммада студент пен дипломдық жетекшінің іс-әрекеттерінің ретін көрсетуде аса үлкен айырмашылық жоқ. Екеуі де жүйеге кіру үшін тіркеледі, екеуі де диалог құра алады, екеуіне де веб-қосымша беттеріндегі ақпараттар қол жетімді. Тіркелу кезіндегі ерекшелігі тіркелу формасын толтыру кезінде қолданушы өзінің студент немесе дипломдық жетекші екенін көрсетіп кетуі керек.



2.6-сурет – Администратор қолданушысы тізбектер диаграммасы


Администратор қолданушысының тіркелуі міндетті емес, өйткені ол жүйені басқарушы болып табылады(2.6-сурет). Бұл қолданушы жүйеде әртүрлі әрекеттер орындай алады. Яғни администратордың басты міндеттері жүйеге тіркелуді сұраған қолданушылар арызын растау, тіркелген қолданушыларды және басқа да керекті құжаттарды деректер қорына енгізу, жою, өзгерту.

2.1.3 «Дипломдық GUIDE»-қызмет (activity diagramm) диаграммасында жобалау

Қызмет диаграммасында екі түйін арасындағы кезектес немесе параллельді іс-әрекеттердің орындалуы көрсетіледі. Қызмет диаграммасында бағыттауыштарен біріктірілген шектелген сұлбалардан ғана тұрады. Олар:

- бұрыштары дөңгелектелген төртбұрыштар-іс-әрекет;
- ромбтар – шешім;

- жуан жолақтар – іс-әрекеттердің бұтақталуының басы мен соңы;
- қара шеңбер – үрдіс басы(бастапқы түйін);
- қоршалған қара шеңбер – үрдіс соңы(соңғы түйін).



2.7-сурет – Веб-қосымшаның қызмет диаграммасы

Жоғарыда 2.7-суретте көрсетілген диаграммада администратор қолданушысы қызмет диаграммасы бейнеленген. Администратор жүйеге кіру барысында логин мен пароль қате болса, ол жүйеге кіре алмайды. Сәйкесінше, жүйеге кірмеген қолданушы ешқандай іс-әрекет орындай алмайды.

2.2 Дипломдық GUIDE деректер қоры моделін ұйымдастыру

Сайттың деректер қоры – веб-ресурстар контенті сақталатын веб-сервердің бір бөлігі. Әрбір қор жазбалар орналасқан кестеден тұрады. Кез-келген веб-қосымша HTML беттерден тұрады. Олардың белгілі бір барлық бетке тән қаңқасы болады және әр беттің өзіне тән контенті болады.

Бұрын веб-сайттарды тек HTML беттерден ғана жасаған. Деректер жеке HTML-файлдарда сақталғандықтан ыңғайсыздық тудырған. Мәліметтер бойынша іздеу, топтау, сорттау сияқты операциялар орындалу мүмкіндігі болмады. PHP тілі пайда болуының басты мүмкіндігі веб-өңдеушілерге сайтты қаңқа және деректер қоры бөліктеріне бөлу мүмкіндігі пайда болды. Қазіргі күні сайт құрылымын контенттен бөлек сақтауға болады. Бұл веб-ресурсты жылдам әрі ыңғайлы ұйымдастыруға және дизайны мен функционалын оңай

өңдеуге мүмкіндік береді. Веб-қосымшада деректер қорын қолданудың негізгі артықшылықтары:

– ДҚБЖ арқылы жылдам басқару. Кез-келген деректер қорын басқару жүйесі SQL-сұраулар тілінде жұмыс істейді. Мысалы, деректерді сорттау үшін SQL-сұрауда тек бір ғана параметрді көрсету жеткілікті;

– нақты құрылымдалу мен логикасының ұйымдастырылуы. Мысалы, нақты бір студенттің қай кафедрада оқитынын анықтау мүмкіндігі;

– деректер қорын пайдалану – сорттау, топтау, іздеу сияқты операцияларды жеткілікті дәрежеде жеңілдетеді.

Сайтта деректер қорымен жұмыс істеу үшін MySQL қолдандым. MySQL-ді ғаламтор арқылы ұйымдастыруға арналған, PHP тілінде жазылған, тегін программалық құрылғы – phpMyAdmin(2.9-суретке сәкес).



2.8-сурет – MySQL және phpMyAdmin

phpMyAdmin – MySQL мен MariaDB-ға кең операциялар спектрін қолдайды. Жиі қолданылатын операциялар(деректер қорын, кестелерді, бағандарды, қолданушыларды басқару және т.с.с) қолданушы интерфейсінде орындала алады. Соған қарамастан, сіз кез-келген SQL-сұрауларды орындай аласыз. Осы мүмкіндіктеріне байланысты қамтама веб-өңдеушілер арасында аса үлкен сұранысқа ие. Қосымша GNU General Public License лицензиясы негізінде таралғандықтан өңдеушілер оны XAMPP, AppServer, Open Server, Denwer сияқты локальді сервердермен интеграциялайды. Программалық қамтама ұсынатын функциялар:

Веб интерфейс:

- MySQL мен MariaDB деректер қорын басқару;
- CSV және SQL-ден деректерді импорттау;
- деректерді әртүрлі форматтарға экспорттау: CSV, SQL, XML, PDF, Excel және т.б;
- бірнеше серверлерге әкімшілік жасау;
- деректер қоры макетінің PDF-графикасын құру;
- күрделі сұраулар құру;
- деректер қорында немесе оның ішкі жиынында глобальді іздеу;
- алдын-ала дайындалған функциялар жиынтығын қолдану арқылы сақталған деректерді кез-келген форматқа ауыстыру;

– MySQL сервері белсенділігінің мониторингіне арналған графиктер;
Әртүрлі операциялық жүйелермен жұмыс;

– SQL күрделі сұрауларын жеңілдету.

PhpMyAdmin бағдарламасы жұмыс істеп тұрған Denwer пакетімен адрестік жолға <http://localhost/Tools/phpMyAdmin/> – браузер адресін енгізу арқылы шақырылады.

Denwer – Windows операциялық жүйесінде, интернет қажеттілігісіз, сайттарды құру, отладка жасауға арналған программалық қамтама және дистрибутивтер жиынтығы. Орнату процесі біткен кезде толықтай жұмысқа қабілетті локальді компьютерде жұмыс істейтін Apache веб-сервері қол жетімді болады. Серверде жерде шексіз сайттар жұмыс істей алады. Бұл қашықтықтағы серверге файлдарды жүктемей-ақ PHP сценарийлермен жұмыс істеуге, қателерді іздеуге және қателерді жоюға ыңғайлы. Денвердің барлық утилиттерін жүзеге асыру үшін Run қосымшасы қолданылады. Жүсеке асыру барысында жобаның барлық файлдары сақталатын виртуальді диск құрылады.

Denwer-дің басқа WAMP-дистрибутивтерден басты айырмашылығы DNS-сервердің аналогы болып табылатын hosts жүйелік файлы автоматты түрде түзетіледі. Бұл бізге Denwer(2.10-суретке сәйкес) басқаруымен жұмыс істейтін локальді сайтқа, Denwer-дің home каталогында орналасқан папканың атына сәйкес, шақыруымызға мүмкіндік береді.



2.9-сурет – Denwer-локальді сервері

Базалық пакет:


- SSI, SSL, mod_php, mod_rewrite қолдайтын Apache веб-сервері;
- GD, SQLite, MySQL қолдайтын PHP интерпретаторы;
- транзакциялар қолдайтын MySQL ДҚБЖ;
- шаблондарға негізделген, виртуальді хосттарды басқару жүйесі;
- іске асыру мен аяқтауды басқару жүйесі;
- ДҚБЖ администрациялауға арналған phpMyAdmin панелі;
- стандартты кітапханаларсыз Perl интерпретаторы ядросы;
- PHP, Perl, Parser және т.с.с жұмысы қолдауымен sendmail және SMTP сервері эмуляторы;
- орнатушы.

Table	Action
db_departments	Browse Structure Search Insert Empty Drop
db_message	Browse Structure Search Insert Empty Drop
db_student_theme_and_tutor	Browse Structure Search Insert Empty Drop
db_themes	Browse Structure Search Insert Empty Drop
db_users	Browse Structure Search Insert Empty Drop
db_users_type	Browse Structure Search Insert Empty Drop
6 tables	Sum

2.10-сурет – Дипломдық GUIDE деректер қоры

Веб-қосымша деректер қоры 6 кестеден тұрады. Әр кестеде өзіне тиесілі ақпарат сақталады(2.11-суретке сәйкес). Мысалы, db_departments кестесі Кафедралар туралы деректер сақтайды, db_users сәйкесінше қолданушылар туралы ақпарат сақталады. PhpMyAdmin бағдарламасы көмегімен біз кестелер арасындағы байланысты, кестелер құрылымын көре аламыз. Сондай-ақ, тікелей сұраулар жасамай-ақ деректер қорын басқару мүмкіндігі бар. Кестеге сақталған деректерге өзгеріс енгізу, жою және жаңа деректер қосу мүмкіндігі қарастырылған.

Әр кестенің бірінші бағаны уникальді әрі басты кілтке ие. Қолданушылардың 3 типін db_users_type кестесінен көруге болады. Олар: администратор, студент және дипломдық жетекші. Дипломдық GUIDE жобасының деректер қорындағы кестелер арасындағы байланысты жобалау мақсатында Draw.io-ны қолдандым(2.12-суретке сәйкес). Draw.io сервисі – тегін онлайн сервис болып табылады. Бұл сервис көмегімен схемалар мен диаграммалар құруға болады. Сервис үш бөліктен тұрады: меню, панель және құжат.



2.11-сурет – Дипломдық GUIDE веб-қосымшасының ER-диаграммасы

Draw.io сервисі көмегімен диаграммалар, UML-модельдер, графиктер, блок-схемалар, формалар және т.б құруға болады. Сондай-ақ диаграммаларға бейне-суреттер қосу мүмкіндігі бар. Ең алдымен қолданушы панельден объект таңдап алып, тышқанның көмегімен объектіні құжатқа жылжытады. Блок-схема объектілерін біріктіру үшін екінші объектіні белгілеп, курсормен бірінші объектіні көрсету қажет. Сервис менюінде диаграммалар мен схемаларды келесі баптаулар бойынша форматтауға болады:

- қаріп стилі;
- құжат немесе объекті түсі;
- көйлеңке мен мөлдірлік дәрежесі;
- жолақтардың түсі мен қалыңдығы;
- түспен толтыру және градиент.

Сервисте дайын схемалар мен диаграммаларды PNG, GIF, JPG, PDF форматтағы суреттерге экспорттауға болады және алынған құжаттарды Google дискпен синхрондауға болады.

Деректер қорын жобалаудың негізгі тапсырмалары:

- барлық қажетті ақпараттардың ДҚ сақталуын қамтамасыз ету;
